

«ДІНТАНУДАҒЫ КӘСІБИ ТЕРМИНОЛОГИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІСТЕР ТЕЗИСТЕРІ

МОДУЛЬ 1 ДІНТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ.

Дінтанудағы кәсіби терминологияның маңызы

Дінтануда ұғымдар мен терминдердің бірқатар топтары басып көрсетіледі. 1. Онда жалпыфилософиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар – «болмыс», «сана», «таным», «бейнелеу», «рәміз», «ақиқат», «адасу», «қиял», «қоғам», «материалды және рухани өндіріс», «мәдениет», «жатсыну» қолданылады. 2. Логика, этика, эстетикадан келген ұғымдар мен терминдер үлкен орын алады: «таңба», «маңыз», «мағына», «ар-ұят», «жауапкершілік», «рақымшылдық», «жанашырлық», «сұлулық». 3. «Жүйе», «құрылым», «қызмет», «рөл», «заң» және т.б. сияқты жалпы ғылымдық ұғымдардың сыныбы. Олар әр түрлі ғылым (соның ішінде біздің ғылым) саласында қолданылады және кез келген зерзатты талдағанда, байланыстың сәйкес типтерін анықтауды талап етеді. 4. Дін туралы ілім нақты ғылымдармен өзара әрекет ететіндіктен, ол соңғыларынан «дәуір», «құқық», «иллюзия», «сенім», «сезім», «көңіл-күйі», «қайғы-қасірет», «қарым-қатынас», «тіл», «өмір», «өлім» сияқты жеке ғылымдық ұғымдарды алады. Жалпы ғылымдық категориялар сияқты жеке ғылымдық категориялар да нақты сәйкес мазмұнмен толығыды. 5. Неғұрлым тарырақ ұғымдық және терминологиялық жүйені арнайы дінтанулық ұғымдар құрайды – «дін», «діни тәжірибе», «теология», «діни культ», «шіркеу», «конфессия», «храм», «дұға қылу», «теизм», «деизм», «пантеизм», «атеизм», «скептицизм». «Құдай», «періште», «тозақ», «жұмақ», «бодхисаттва», «күдірет», «карма» және т.с.с. ұғымдар мен терминдер ерекше орын алады, олардың ғылымдағы мағынасы діндегі мағынасына қарағанда басқаша, дегенмен әрдайым олардың діни мағынасын есте ұстаған жөн. 6. Ақырында, діннің өзгеру процесстерін көрсететін ұғымдар сыныбы бар: діннің «дамуы мен эволюциясы», «сакрализация», «секуляризация», «шіркеу құрылу», «шіркеу таралу», «секта құрылу», «детеологизация», «демифологизация», «модернизация».

Дін, сенім, культ, ғибадат ұғымдарының мазмұны мен мәні

Қоғам дамуының ерте кезеңдерінде адам өзін діни топтан бөлмейтін, ол жеке адам ретінде, этникалық-діни кешендердің қолданушысы болып табылатын ру немесе тайпаның жеке өкілдері ретінде танылатын. Жеке адамның дінде (болмыстың басқа да салаларында сияқты) *тұлға* болып қалыптасуы жекелену және өзін қауымдастықтан бөлу процесінің белгілі бір кезеңінде ғана орын алды. Дамыған діни жүйелерде тұлға “әулие”, “дуана”, “даурыққан”, “аскет”, “тақуа” және т.с.с. әр түрлі типтерден көрінеді, ал күнделікті өмірде ол – “діншіл”, “фанатик”, “теңселуші”, “басым (немесе бағынған) діни бағдарлы тұлға” және т.б. Діни тұлғасыз дамыған діни жүйе өмір сүре алмайды. Діни тұлға – бұл дербес қасиеттерін, соның ішінде діни қасиеттерін жинақтаған, діни әрекеттің субъектісі болуға қабілетті адам. Мұндай тұлғаға санада - діни түсініктер, идеялар, сенім, қажеттіліктер, сезімдер, ал жүріс-тұрыста – храмға бару, дұға қылу, құдайға құлшылық етуге қатысу, діни жол-жораларға қатысу, діни мерекелерді тойлау, ораза және т.с.с. қалыптастыратын “діншілдік” қасиеті тән. Діншілдік “Құдай - адам”, “адам - Құдай” қатынастарына, немесе діндердің типіне байланысты басқаша формаға сүйенеді. Әлеуметтену, жеке адамның діни ортада әлеуметтік тәжірибені меңгеруі процесі арқылы діни қасиеттер интериоризацияланады (лат. interior - ішкі), ішке енеді, соның нәтижесінде тұлғаның діни руханилығы қалыптасады. Адамның рухани мәдениетті, соның ішінде діни мәдениетті қалай меңгергендігіне байланысты тұлғаның руханилығы анықталады. Руханилық

құндылықтарды түсіну және оларға кірігу, өзіндік сана мен өзін-өзі тану, интеллект пен сезінулерді асқақтату, өмір сүрудің мәні мен мақсатын іздеу, идеалды табу, ар-ұят даусын тыңдау және есту, шығармашылық дегенді білдіреді. Бұл процесстер діни сеніммен немесе басқа да дүниетанымдық бағдарлармен байланысты болуы мүмкін. Діни сенім, діни түсініктер, күйзелістер, үміттер жиынтығы, діни мәдениетке қосылу, катарсистарды тудыратын діни-психологиялық процесстер тұлғаның діни руханилығын қалыптастырады, ал бұл руханилықтың мазмұны діни қатыстылыққа байланысты.

Мифология, теология, философиядағы ортақ терминдер

Дінтануда жалпы философиялық және әлеуметтік-философиялық категориялар қолданылады: «болмыс, сана, таным, көрініс, символ, ақиқат, адасу, қиял, елес, қоғам, материалдық және рухани өндіріс, мәдениет, жаттану» және сол сияқтылар. Логикадан, этикадан, эстетикадан кірген ұғымдар және терминдер: «белгі, мән, мағана, ұят, жауапкершілік, мейрімділік, жанашырлық, сұлулық» және т.б. Жалпы ғылыми ұғымдар: «жүйе, мазмұн, қызмет, рөл, заң» және т.б. Жеке ғылыми ұғымдар: «ғасыр, құқық, елес, вера, сезім, көңіл-күй, азап, араласу, тіл, өмір, өлім» және т.б.. Арнайы дінтанулық ұғымдар мен терминдер: «дін, теология, діни культ, шіркеу, конфессия, храм, дұға» және т.б. Ғылымда дінге қарағанда мағаналары басқаша түсіндірілетін «Құдай, періште, тозақ, жұмақ, Бодхисаттва, аян берілу, карма» сияқты ерекше орынға ие ұғымдар мен терминдер. Діндегі өзгерістер процессін көрсететін ұғымдар классы: «даму мен эволюция, сакрализация, секуляризация, детеологизация, демифологизация, модернизация» және т.б.

Дінтанулық категориялардың қалыптасу және даму тарихында дінді анықтауға арналған концепциялар маңызды орын алады.

Оларға келсі тісіндірмелер кіреді: теологиялық түсіндірме (Э. Трельч, Р. Отто, П.А. Флоренский, П.Л. Бергер, Т. Лукман және басқалар.) философиялық (Б. Спиноза, И. Кант, Ф.Гегель, Л. Фейербах және басқалар.), социологиялық (М. Вебер, Б. Малиновский, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс және басқалар) биологиялық және психологиялық (У. Джеймс, Л. Леви-Брюль, З. Фрейд, Э. Фромм, К.Г. Юнг және басқалар.), этнологиялық бағыт. Әлеуметтік гуманитарлық ой тарихындағы дін: методологиялық аспектілері. Дінді ғылыми тұрғыда танудың принциптері.

Секуляризм және секуляризация мәселесіне қатысты терминдер

Дінтануды оқыту мен меңгеру білім жүйесін гуманитаризациялауға, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне, студент жастардың өз дүниетанымдық позицияларын, рухани қызығушылықтары мен құндылықтарын еркін айқындауға үлесін қосады. Бұл курс іргелі зерттеулер саласындағы ғылыми қызметке, педагогикалық саладағы жұмысқа, денсаулық сақтау, қызмет көрсету саласындағы, құқық қорғау органдарындағы жұмысқа; философия, әлеуметтану, саясаттану, психология, заңтану, мемлекеттік басқару, халықаралық қатынастар, әлеуметтік антропология, тарих, тарихи-мұрағаттану, филология, лингвистика, шығыстану және африканистика, мәдениеттану, өнертану, өнер және сәулет, мұражайтану, аймақтану, әлеуметтік жұмыс, жұртшылықпен байланыс, журналистика, әлеуметтік-мәдени сервис және туризм, баспа ісі және редакциялау, кітаптану және т.б. мамандықтар бойынша дайындалып жүрген студенттердің кәсіптік дайындығына тікелей қатысады. Басқа мамандықтарды меңгеретін студенттердің кәсіптік дайындығына жанама түрде көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бірқатар қоғамтанулық пәндер оқытылады; дінтану студенттердің гуманитарлық білімдерін дінді талдау тұрғысынан нақтылайды.

Бұл курста кейбір теориялық қағидалар анықталып қана қоймайды, сонымен қатар қызықты деректердің жиынтығы жөнінде ақпарат беріледі, ол деректерсіз

экономикалық, саяси тарихтың, ғылым, өнер, әдебиет, ақылақ тарихының өткені мен бүгінгісінің, қазіргі замандағы қоғамдық-саяси өмірдің көптеген оқиғаларын түсіну қиын болып табылады. Осылайша тарихи жадыны қайта қалпына келтіру мен дамытуға үлес қосылады.

Адам өзінің дүниетанымдық таңдауын жасауға мүмкіндік алу үшін, оған шешімдердің әр түрлі нұсқаларын келтіру керек. Дінтану дүниетанымдық мәселелерді спецификалық қырынан қарастырады және жауаптардың сәйкес нұсқаларын ұсынады. Осы пәнді меңгере отырып, студент дүниетанымдық сұхбат жүргізудің дағдыларын игереді, ойлауы өзгеше болып табылатын басқа адамдарды түсіне білу өнерін меңгереді. Бұл оған бір жағы қасаңдық (*догматизм*) пен өктемшілдіктен (*авторитаризм*), екінші жағынан релятивизм мен бедерсіздіктен (*нигилизм*) құтылуға көмектеседі.

Дінтану өз тәсілдері арқылы ар-ұждан бостандығын іске асыруға септеседі. Ар-ұждан бостандығы ұғымын қалыптастыра отырып, бұл мәселе бойынша құқықтық нормалар жөнінде ақпарат бере отырып, ол жеке тұлғаның азаматтық сапаларының қалыптасуына септеседі, белгілі бір әлеуметтік-саяси процесстерде де бағдар береді, діни мәселедегі әр түрлі партиялардың және қоғамдық қозғалыстардың саясатындағы жалпы және ерекше жайттарды анықтайды. Мұның бәрі саяси мәдениеттің өсуіне септеседі. Қазіргі замандық әлемнің гуманистік құндылықтарын бекітуге, азаматтық келісімді қамтамасыз етуге, адамаралық қатынастарды, соның ішінде әр түрлі діни және діни емес дүниетаным өкілдерін үйлесімді етуге бұл курстың маңызы зор. Теориялық қағидалар мен деректерді меңгеру ядролық ғасырда өркениетті сақтау мен адамзаттың тірі қалу жолдарын іздеуге, үдей түскен экологиялық дағдарыс қаупі төнген жағдайда табиғатқа жаңаша қарауға бағыт береді. Бұл курста баяндалатын идеялар қайырымдылық іс-әрекетіне қатысуға, рақымшылдыққа, ұждансыздық пен барлық нәрсеге ерік берілгендікке, қаталдық пен зорлық-зомбылыққа, жеке тұлға құқықтарын таптауға қарсы тұруға, қоғамды әлеуметтік сауықтыруға, оның өнегелілігін қайта жаңғырту ісінде бірге әрекет етуге шақырады.

МОДУЛЬ 2 КӘСІБИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Терминдердің тілдік ерекшелігі (латын, грек, араб тілдерінен енген сөздер)

Дінтануда қолданылатын терминологияның қалыптасуы тарихи, мәдени және лингвистикалық факторларға байланысты. Көптеген терминдер латын, грек және араб тілдерінен енген, бұл ғылымның дамуы мен әртүрлі мәдениеттердің ықпалының айқын көрінісі.

Латын тілі Батыс Еуропадағы дін мен ғылымның негізгі тілі болғандықтан, көптеген діни және ғылыми терминдер осы тілден енген.

Religio – «дін» деген мағынаны білдіреді.

Sacrum – «қасиеттілік» немесе «киелілік».

Profanum – «дүниелік», қасиеттілікке қарама-қарсы ұғым.

Sanctus – «әулие», «қасиетті».

Clericus – «діни қызметкер», осыдан «клирик» сөзі шыққан.

Confessio – «мойындау» немесе «конфессия» (діни бағыт).

Secta – «топ», «ағым», осыдан «секта» ұғымы туындаған.

Латын терминдері көбіне христиандыққа және Батыс Еуропа мәдениетіне қатысты ұғымдарды сипаттайды.

Грек тілі философияның, теологияның және дінтанудың дамуына үлкен әсер етті.

Көптеген грек сөздері бүгінгі күні де қолданылып келеді.

Theos – «Құдай», осыдан «теология» (құдайтану) термині шыққан.

Logos – «сөз», «ілім», «таным». Мысалы, «теология», «христология», «антропология».

Ekklesia – «шіркеу» немесе «жиналыс».

Mysteria – «құпия», осыдан «мистерия» (құпия ғибадаттар) сөзі пайда болған.

Agnostos – «белгісіз», осыдан «агностицизм» термині қалыптасқан.

Ethos – «мінез-құлық», «құндылықтар», осыдан «этика» ұғымы шыққан.

Грек терминдері философиялық және христиандық-теологиялық ұғымдарда кеңінен қолданылады.

Араб тілі ислам діні мен оның ғылымы үшін басты тіл болып табылады. Сондықтан исламтануда қолданылатын көптеген терминдер араб тілінен алынған.

Шариат (شریعة) – ислам құқық жүйесі.

Фикһ (فقه) – исламдық құқықтану.

Иджтихад (اجتهاد) – діни шешім қабылдау үшін жасалатын тәуелсіз талдау.

Хадис (حدیث) – Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттері туралы деректер.

Умма (أمة) – «ислам қауымы» немесе «мұсылман қауымы».

Салат (صلاة) – намаз, мұсылмандардың құлшылығы.

Джихад (جهاد) – «күш салу», рухани және физикалық күрес.

Араб терминдері негізінен исламдық діни және құқықтық жүйелерге қатысты

Аймақтық және мәдени ерекшеліктері бар терминдер

Этнологиялық (әлеуметтік - антропологиялық) тұжырымдамалар: анимистік – Э.Тайлор; прамонотеистік – Э.Лэнг, В.Шмидт; преанимистік – Дж.Дж.Фрэзер, Р.Маретт; концепция Л.Леви-Брюльдің ұжымдық (тұрпайы) тәжірибенің мистикалық мазмұны. Европадағы лингвомәдениеттік бағыттар: В. Гумбольдт, В.Ф. Боас, Э. Сепир, Б. Уорф. В. Россейде Д.К. Зеленин, Е.Ф. Карский, А.А. Шахматов, А.А. Потебни, А.Н. Афанасьев, А.И. Соболевский, А.Н. Веселовский және басқалардың еңбектері. Символикалық дінтану: Э. Кассирер, С. Лангер, М. Элиаде, К. Леви-Стросс, А.Ф. Лосев, Б.А. Фохт, С. Аверинцев, Ю.М. Лотман, М.К. Мамардашвили. Дінтанудағы когнитивтік бағыт: Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, О.М. Фрейденоберг, И.Г. Франк-Каменецкий, Д.М. Угринович, М.И. Шахнович және басқалар.

Терминдерді аудару және бейімдеу мәселелері

Тарихта нақты діндер өмір сүрген және өмір сүріп келеді, “жалпы діндер” болған емес және жоқ. Бірақ әр түрлі діни құбылыстарды түсіндіру үшін ғылымда сәйкес ұғым жасалған. Тек пен түр айырмашылығын көрсету арқылы формальдық-логикалық дефиницияны дінге қатысты қолдану нәтижелі болмайды. Әр түрлі қырларынан алғандағы діннің мәндік сипаттамаларын біріктіретін, жинақтайтын жолды таңдайық. Сонда ең жалпы формада былай деуге болады: дін қоғамның, топтың, жеке адамның рухани өмірінің саласы, дүниені рухани меңгерудің тәсілі және рухани өндіріс саласы. Тап мұндай сипатында дін дегеніміз: 1) қоғам болмысының көрінісі; 2) адам мен қоғамның қалыптасу процесінде міндетті түрде пайда болатын олардың тіршілік әрекетінің аспектісі; 3) адамдық өзін-өзі жатсынуды көрсету мен оны жеңудің әдісі; 4) шындықтың шағылысы; 5) қоғамдық жүйенің жүйесі; 6) мәдениет феномені. Осы сипаттамалардың мәнін ашайық.

Қоғамның терең байланыстарын көрсету

Дінде қоғамдық жүйелердің белгілі бір типінің мәні байқалады, ол қоғамдық шындықтың тікелей бақылаудан жасырын, ішкі, терең деңгейлерін танытады, демек, дінде қоғам болмысына барабар нәрсе кездеседі. Бірақ дінге құбылыстар сияқты ене отырып, қоғамның ішкі байланыстары өзгерген түрінде көрінуі мүмкін, демек маска киюі мүмкін. Түрін өзгерту әлдекімнің басынушылығының, арам ниетінің, саналы алдаудың немесе белгілі интеллектуалдық қарапайымдылықтың нәтижесі емес: бұл қоғам қозғалысының өрбуінің және көрінуінің сәті. Демек, дін қоғам туралы көп нәрсе “айтады”, мұнда тек кодталған ақпараттың шифрын дұрыс шешкен маңызды. Бұл үшін діни әлемді қайсыбір шынайы қатынастарға әкеліп тіреу жеткілікті емес – себебі толық редукция мүмкін емес.

Мұнда нақты өмірдің берілген қатынастарынан оған сәйкес діни формалар шығарған маңызды.

Терминдерді біріздендіру мәселесі

Дінтану пәнаралық ғылым. Арнайы гуманитарлық пәндер аясында дінді зерттеу тарих, этнология, антропология, филология, лингвистика, социология, психология ғылымдары арқылы жүзеге асырылады. Дінтанудың өзіндік әдіснамалық кеңістігінің қалыптасуында да осы пәнаралық әдістер: генетикалық, герменевтикалық, функционалдық, құрылымдық-аналитикалық, феноменологиялық және т.б. қолданылды. Бұл байланыс тардың синтезі дінді анықтаудың көпаспектілі құралы ретінде өзінің нәтижесін беруде. Дінтанудың өзіндік пәндік және әдіснамалық кеңістігінің қалыптасу үрдісі осы бағытта дамытылуда.

Қазіргі дінтанудың құрылымы бойынша оның бөлімдері мен бөлімшелеріне тоқталу керек. Тарихи дінтану, контекстуалді дінтану, жүйелі дінтану және т.б. Дінтанушылық зерттеуінің дереккөздері ретінде мына ұғымдар талданады және келесі әдістермен жұмыс жасалады: дереккөз ұғымы, дереккөз түрлері, оларды жиынақтау әдістері, дереккөздерді сынау әдістері. Деректану (арнайы) қосалқы тарихи пән діни мәтіндерді және дереккөздерді сараптау әдістерін жасауда маңызды рөл атқарады.

Діндер тарихы дінтанудың бір саласы ретінде. В XVIII ғасырдағы француз ағартушысы, энциклопедист Ш. де Бросс және XIX ғасырдағы француз ғалымы және философы Ш.Ф. Дюпюи шығармаларындағы діндер тарихының мәселелері. Діндер тарихының дамуына неміс теологтары мен тарихшылары үлес қосты, тюринген мектебінің өкілдері Ф.К. Баур и Д.Ф. Штраус. Швейцарлық тарихшы және заңгер И. Бахофен, француз тарихшысы Ф. де Куланж, француз жазушысы, тарихшы және филолог-шығыстанушы Ж.Э. Ренан, ағылшын тарихшысы, шығыстанушы У. Робертсон Смит, ағылшын тарихшысы және этнологтары Э.Б. Тайлор, Дж. Фрэзер, неміс тарихшысы Ю. Вельгаузен, неміс тарихшысы және философ А. Дреус, австралиялық теолог, этнограф және лингвист В. Шмидт, ресейлік тарихшылар Ф.И. Щербатская, В.В. Бартольд, А.Б. Ранович, Р.Ю. Випнер, діндар және тарихшы А.В. Карташов және басқалар.

Терминдердің ғылыми және халықтық қолданысы

Дін дегеніміз өткеннің көптеген ойшылдары есептегендей, философтар, абыздар, өтірікшілер, тирандар тарапынан адамдарға зорлап таңылған (мұндай пікір кейде осы күндері де айтылып қалады) кездейсоқ құрылым емес. Ол қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қажетті түрде пайда болады. Өзіндік мәні бар бастама – метақоғамдық, дүниеден тыс, тарихтан тыс бастама деген ол жөніндегі тезистерге де дәлел жоқ. Ол қоғамда қажетті түрде пайда болып, қажетті өмір сүреді, бүкіләлемдік тарих контексінен кіргізілген және қоғамдағы өзгерістерге сай өзгеріп отырады.

Жатсыну дегеніміз – бұл адам әрекетінің және оның өнімдерінің, қатынастар мен институттардың адамдарға үстемдік ететін күштерге айналуы. Нағыз жатсынудың негізгі сәттері мыналар: а) еңбек өнімінің өндірушіден жаттануы; б) еңбектің жаттануы; в) ортақ мүддені көздейтін мемлекеттің жеке және топтық мүдделерді жатсынуы, бюрократизация; г) адамның табиғаттан жаттануы, экодағдарыс; д) адамдардың қатынастарының заттардың қатынастарымен жанасуы, қатынастардың деперсонализациясы; е) аномия, құндылықтар, нормалар, рөлдерден жатсыну, әлеуметтік тәртіп бұзу, дау-жанжалдар; ж) адамның адамнан жаттануы, изоляция және атомизация; з) тұлғаның ішкі жаттануы – “Менді” жоғалту, апатия, жете түсінбеушілік.

Бейнелеу, жалпы, қоғамның және оның әр түрлі салаларының қасиеті болып табылады, ол қоғамдық әрекет процесінде де, оның тұрып қалған нәтижелерінде де іске асады. Дін өзінде табиғат, қоғам, адам қасиеттерін сақтап қалып, қайта шығарады. Егер дін

бейнелеу болса, онда ол шындықты бейнелейді және бейнелетін жөнінде сәйкес ақпаратты қамтиды. Ақпаратты сырттан ала отырып, дін оны жақсылап өңдейді және оны өзін-өзі ұйымдастыру, дүниеде бағдарын айқындау үшін қолданылады. Ақпараттық-сигналдық бейнелеу әсер етулерді қайта кері әсер ету құралы ретінде пайдаланады. Басқа жағынан алғанда, бұл бейнелеу таңдампаз болып келеді және діннің өзіндік ұстанымдарын ескере отырып, жүзеге асырылады; ол адамдардың тіршілік әрекетінің басқа салаларымен өзара әрекетінің нәтижелерін “алдын ала сезіп қояды”, алдын ала еске салады.

Қоғамға байланысты қарастырылғанда, дін қоғамдық жүйеасты ретінде танылады. Алғашқы қауымдық қоғамда ол салыстырмалы түрде дербес құрылым ретінде анықталып, бөлініп шыға қойған жоқ. Алғашқы қауымдық нанымдар және солармен байланысты жол-жоралар мифологиялық синкретикалық кешенде өрбітілген. Қоғамның дамуы мен жіктелуі оның әр түрлі салаларының құрылуына әкелді. Әрбір сала күрделі құрылымды құрайды, бұл құрылымда әрекет жүзеге асырылады, құрылымның негізі қаланады және оның өз элементтері болады. Ешбір жүйе және оның жүйеастылары бір ғана элементтен тұрмайды және осы элементтердің бір-бірімен өзара байланысынан тыс қарастырыла алмайды, ал олардың өзара байланысы бәрінен бұрын қызмет ету процесінде жүзеге асады. Дамыған діндерде сана, әрекет, қатынастар, институттар, ұйымдар көрсетіледі. Өз кезегінде олардың әрқайсысының бірқатар белгілері сипатталады.

Діни және дінтанулық ұғымдардың сауаттылықты арттырудағы рөлі

Дінді әр түрлі белгілерінің негізінде сараптаудың нәтижесінде топтамалайды. М.Мюллер классификациясын лингвистикалық принципке негіздеп, моңғол, фин, тұран, семит, арий, т.б. Қазіргі уақытта дінтануда әртүрлі факторларға – этникалық мазмұнға, құдайлардың санына, даму деңгейіне және т.б. негізделген жіктеулердің айтарлықтай саны бар.

Этникалық мазмұны бойынша діндер ерте формалар (тайпалық культтер), ұлттық-мемлекеттік және әлемдік діндер болып бөлінеді. Біріншісіне: тотемизм, фетишизм, магия, анимизм, анимизм, анимализм, шаманизм, табиғат культі, ата-бабалар культі, политеизм және т.б. Ұлттық-мемлекеттік діндерге Египет, Месопотамия, Ежелгі дәуір халықтарының ерте ұлттық діндері жатады. Үндістан, ежелгі (грек, рим) нанымдары, Колумбияға дейінгі Американың діндері және т.б. Кейінгі ұлттық діндерге индуизм, жайнизм, конфуцийлік, даосизм, синтоизм, зороастризм, иудаизм, сикхизм және т.б. Қазіргі әлемде әртүрлі діни нанымдарды ұстанатын 3 мыңнан 4 мыңға дейін ұлттар, ұлыстар, тайпалар бар. Сарапшылардың пікірінше, «қазіргі уақытта әлемде бар діндердің нақты саны белгісіз». Олардың саны автордың діннің анықтамасына көзқарасына байланысты 400-ден 5000-ға дейін жетеді. Әлемдік діндер – буддизм, христиан және ислам. Қазіргі заманда неохристиандық, жаңа пұтқа табынушылық, шығыстанулық және басқа бағыттағы дәстүрлі емес діни ұйымдар, әртүрлі синтетикалық, эзотерикалық, шайтандық және басқа да көптеген діни бірлестіктер пайда болуда. Политеистік. Монотеистік, өлі, тірі, жазбалы, жазуы жоқ. Г.В. Гегелдің дін топтамасы. Тайпалық, ұлттық және әлемдік діндер. Дінтанудағы салыстырмалы-тарихи парадигма. П. Пикардің «Әлемнің барлық халықтарының діни ғибадаты мен марапаттары» («Религиозные обряды и церемонии всех народов мира»). XVIII ғасырдағы салыстырмалы дінтану. XIX ғасырдағы салыстырмалы дінтану. XX ғасырдағы салыстырмалы дінтану.

МОДУЛЬ 3 НЕГІЗГІ ДІНИ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Қытай және Қиыр Шығыс халықтарының діни сенімдеріндегі ұғымдар

Қытай және Қиыр Шығыс халықтарының діни сенімдері көптүрлілігімен ерекшеленеді. Бұл аймақтың діни дәстүрлері философиялық және рухани жүйелерді қамтып, табиғатпен, адамгершілікпен және әлеммен үйлесімділікті іздеуді негізге алады.

Қытайда буддизм, даосизм және конфуцийшілдік негізгі діни-философиялық ағымдар болып саналады. Сонымен қатар, халықтық наным-сенімдер кең тараған.

Дхарма (法 - Fǎ): Будда ілімі және ғарыш заңдылығы.

Карма (因果 - Yīnguǒ): Әрекет пен оның салдары.

Сансара (轮回 - Lúnhuí): Өмір мен өлімнің айналымы.

Нирвана (涅槃 - Nièrán): Толық рухани тыныштық пен азаттық жағдайы.

Бодхисаттва (菩薩 - Púsà): Жетілген рухани тұлға, басқа тіршілік иелеріне көмек көрсетуші.

Даосизмге тән ұғымдар

Дао (道 - Dào): Әлемнің барлық нәрселерінің табиғи жолы немесе заңы.

Ци (气 - Qì): Әлемнің негізгі энергиясы, өмір күші.

У-вэй (无为 - Wúwéi): Әрекетсіздік немесе табиғат заңдылығына сәйкес әрекет ету.

Инь және Ян (阴阳 - Yīnyáng): Қарама-қайшылықтар мен үйлесімділікті бейнелейтін ұғымдар.

Бессмерттілік (长生 - Chángshēng): Рухани жетілу арқылы физикалық өлімнен асып түсудің даостық идеясы.

Конфуцийшілдікке тән ұғымдар

Рен (仁): Адамгершілік, мейірімділік.

Ли (礼): Әлеуметтік тәртіп пен әдеп нормалары.

Сяо (孝): Ата-анаға және үлкендерге құрмет.

Тянь (天): Аспан, табиғи тәртіп және жоғары күш.

Чжун (忠): Адалдық пен әділеттілік.

Халықтық нанымдар

Шэнь (神): Рухтар немесе құдайлар.

Цзу-сянь (祖先): Ата-бабалар рухтары.

Фэншуй (风水): Жердің энергиясын үйлестіру туралы ілім.

Қиыр Шығыс халықтарының діни сенімдері

Жапон синтоизмі

Ками (神): Табиғатта және адам өмірінде кездесетін қасиетті рухтар.

Тори (鳥居): Қасиетті орындарға кіретін қақпа.

Офуда (お札): Қасиетті жазбалар немесе амулеттер.

Мацури (祭り): Камиге арналған мерекелер мен рәсімдер.

Микоси (神輿): Камии рухтары тасымалданатын шағын храм.

Кореялық дәстүрлі сенімдер

Тангун (단군): Кореялық мифологиялық атасы.

Шаманизм (무속 - Musok): Рухтармен байланыс орнату үшін шамандардың рөлін сипаттайтын сенім.

Сонму (선무): Киелі рәсімдер мен би арқылы рухтармен байланыс орнату.

Моңғолияның шамандық дәстүрі

Тэнгри (Тәңір): Аспан құдайы және жоғарғы күш.

Онгон: Ата-бабалар рухтарына арналған киелі орындар.

Бөөгизм: Шамандық тәжірибелер мен рәсімдер.

Қытай және Қиыр Шығыс халықтарының діни сенімдері терең философиялық мазмұнға ие және адам мен табиғат арасындағы байланысқа негізделген. Бұл сенімдер тарих бойында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

Үнді діндеріндегі ортақ және ерекше ұғымдар мен терминдер

Үнді діндерінде (индуизм, буддизм, джайнизм және сикхизм) антропология адамның табиғаты, рухани болмысы және ғаламдағы орны туралы кешенді көзқарастарды қамтиды. Бұл діндердегі антропологиялық мәселелер адамның физикалық, рухани және моральдық болмысын түсінумен байланысты, сонымен бірге оның қайта туылу (самсара) және азат болу (мокша немесе нирвана) сияқты тұжырымдарына негізделеді.

Үнді діндерінде адам тек физикалық денеден тұрмайды; ол көпқабатты болмыстан тұратын күрделі жаратылыс ретінде қарастырылады.

Адамның табиғаты үш негізгі элементтен құралады:

1. Атман – адамның мәңгілік рухани мәні, жанның түпнегізі. Атман Брахманмен біртұтас, бірақ адам мұны түсініп, рухани жолмен әрекет еткенде ғана мұндай бірлікті сезінеді.
2. Шарира – физикалық дене. Ол уақытша және қайта туылу циклінде өзгереді.
3. Праkritи – материалдық табиғат, адамның тәнімен байланысын анықтайды.

Буддизмде Адамның тұрақты "Мен" (Атман) ұғымы жоқ. Адам 5 скандхадан тұрады: Физикалық форма; Сезімдер; Түйсіктер; Менталдық құбылыстар; Сананың ағымы. Бұл бөліктердің үйлесуі өмірді құрайды, бірақ олардың ешқайсысы тұрақты емес.

Джайнизмде адам екі бөліктен тұрады:

Дживатма – мәңгілік жан, ол әрқашан таза және өзгермейтін.

Аджива – жанның материалдық бөлігі, ол карма әсерінен өзгереді.

Карма мен қайта туылу ұғымдары үнді діндерінің антропологиясындағы басты мәселелердің бірі. Адамның әрекеттері оның болашақ өміріне тікелей әсер етеді. Карма заңдылығы бойынша, адам өзінің іс-әрекеттері арқылы жақсы немесе жаман тағдырды қалыптастырады. Адам қайта туылу шеңберінде өмір сүреді. Әрбір туылу карманың нәтижесі және рухани жетілудің жаңа мүмкіндігі болып табылады. Адамның негізгі мақсаты – карма мен қайта туылудан босау және шексіз еркіндікке жету.

Индуизмде мокша – Атманның Брахманмен бірігуі. Бұл қайта туылу шеңберінен толық босап, рухани азат болуды білдіреді.

Мокшаға жету жолдары:

1. Карма-йога – дұрыс іс-әрекет.
2. Бхакти-йога – Құдайға адалдық.
3. Джнана-йога – білім арқылы азаттық.

Буддизмде нирвана – сананың толық тыныштық күйіне жетуі және азап шегуден босау. Бұл кез келген құштарлық пен надандықты жою арқылы жүзеге асады.

Джайнизмде кевала – жанның толық тазаруы және тәуелсіздікке қол жеткізу. Бұл кармадан толық босап, мәңгілік тыныштыққа жетуді білдіреді.

Үнді діндерінде адам мен ғалам арасында тығыз байланыс бар. Адам ғаламның кішірейтілген моделі ретінде қарастырылады.

Индуизмде адам ғаламның кішігірім көрінісі, оның денесі табиғат элементтерінен тұрады: жер, су, от, ауа және эфир. Бұл элементтер ғаламның құрылымын көрсетеді.

Буддизмде ғалам мен адам себеп-салдарлық заңдылықтар арқылы өзара байланысты. Адамның әрекеттері бүкіл ғаламның үйлесімділігіне әсер етеді.

Үнді діндерінде адамның рухани дамуындағы маңызды қадам оның моральдық жауапкершілігі мен этикалық мінез-құлқы болып табылады.

Адам өз өмірінде дхарма заңдарына сай әрекет етуі керек. Бұл заңдар адамның әлеуметтік, моральдық және рухани міндеттерін анықтайды.

Буддизмнің сегіз жолы: Адам дұрыс көзқарас, дұрыс ой, дұрыс сөйлеу, дұрыс әрекет және дұрыс өмір сүру арқылы этикалық және рухани жетілуге жетеді.

Индуизмде адамның өмірі төрт кезеңге бөлінеді, бұл антропологиялық даму мен рухани жетілудің маңызды аспектісі:

1. Брахмачарья (шәкірттік): Білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу.
2. Грихастха (отбасылық): Қоғам мен отбасылық міндеттерді орындау.
3. Ванапрастха (ой-сананы тазарту): Рухани жолға бет бұру.
4. Саньяса (одан бас тарту): Материалдық әлемнен бас тартып, рухани азаттыққа ұмтылу.

Дәстүрлі христиандық бағыттардың діни ұғымдары мен түсініктері

Теологиялық (конфессиялық) түсініктемелеулер дінді “ішінен”, сәйкес діни тәжірибенің негізінде түсінуге талпынады. Түсіндірмелер әр түрлі, бірақ олардың ортақ тұсы дінді адамның Құдаймен, Абсолютпен, қандай да бір Күшпен, Нуминоздымен, Трансценденциямен және т.с.с. байланысы ретінде түсіну болып табылады.

Христиан зерттеушілері – католицизм, протестантизм, православие бғыты болса да, ең басты нәрседе олар бір-бірімен келісімге келген: дін дегеніміз “*sui generis* (ерекше текті) шама”, ол Құдай мен адам арасындағы өзара байланыстың нәтижесі ретінде пайда болады. Дегенмен дінтанудың ғылым ретінде қалыптаса бастаған кезінен-ақ дінге анықтама беруде екі бағыт байқалды: шектен тыс супранатурализм көзқарасы тұрғысынан және теологиядағы тарихи мектеп позициясы жағынан бағымдау. Христиан теологиясында супранатурализм әсерімен жасалған “табиғаттан тыс” ұғымы дінге анықтама беруде қолданылды. “Дін” термині табиғаттан тыс күштер бар және олармен қарым-қатынас жасауға болады деген сенімге негізделген көзқарасты білдіру үшін пайдаланылады.

Супранатурализм христиандықтың “табиғаттан тыс шындығы” және сол шындыққа тек Сырды ашып беру арқылы жету мүмкін дегеннен бастама алған. Бірақ осы негізде қалыптасқан, “жаратылмаған алғашқы феномен” ретіндегі дін туралы түсінік христиандық эволюциясының қоғам дамуына тәуелді болғандығы жөніндегі дерекке қарама-қайшы келеді. Христиандықтың әр түрлі қоғамдық қатынастармен байланысы теологиядағы тарихи мектеп өкілдерінің тыңғылықты талдауынан өткен. Осы мектептің идеяларын жүйелеуші ретінде танылған протестанттық теолог, тарихшы және дін социологы Э. Трельч (1865-1923) дінді (христиандықты) талдау үшін «қарастырудың тарихи әдісін» қолданған.

Протестанттық теолог және философ Р. Оттоның (1869-1937) пікірінше, дін – бұл “қасиеттіні бойынан өткізу”, оның нысаны *нуминозды* (лат. *numen* – құдайдың еркі, билігі, құдайдың құдіреті) – Құдайдан шығатын құдірет болып табылады. Қасиетті, нуминозды нәрсе екі ұшты сезім тудырады. Бір жағынан ол - *mysterium tremendum* (лат. – құпиялы үрей тудырушы) – тақуалық үрей мен діріл тудыратын, адамға қатысты “мүлдем басқаша” нәрсе. Адам өзіне мүлдем қарама-қарсы қойылатын нәрсенің бар екенін сезінеді және бұл жаттық шошу, қорқу, діріл, “толық бағыныштылық” сезімдерін, “мақұлық сезімін” және т.б. қоздырады. Басқа жағынан, қасиетті, нуминозды *mysterium fascinans* (лат. – құпия көзді шағылыстыратын, еліктіретін, таң қалдыратын) ретінде танылады, ол адамды өзіне тартып әкетеді, сүйсіндіреді, рухтандырады, өзінен жібермей, адамды өз ырқында ұстайды. Қасиетті, нуминоздыны бойынан өткізу адамға априорлық түрде (тәжірибеге дейін) берілген, ол белгілі бір дәрежеге дейін бұл күйді басынан өткізуге бейім болады. Қасиетті ұғымы Р. Отто үшін кез келген дінді түсіндіруге болатын категориялардың жалпы жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

Американ социологы және інжілдік теолог П.Л. Бергер неміс зерттеушісі Т. Лукманмен бірге дінді феноменологиялық білім социологиясы мен феноменологиялық дін социологиясы позициясынан талдайды. Олардың назары теориялыққа дейінгі, адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін “әдеттегі білімдерді” зерттеуге аударылған. Интерсубъективтік адамдық сана “шынайы өмірдің қоғамдық конструкциясын” жасайды, соның нәтижесінде жеке адамдардың “тіршіліктік әлемі” құралады.

П. Бергердің бірқатар шығармалары бойынша бірлескен авторы Т. Лукман “өмірлік әлем” құрылымын және әлеуметтік шындықты осы дүниенің феномені ретінде зерттейді. Оның діни тұғырнамасындағы орталық ұғым – “трансценденциялау”, ол адамның биологиялық табиғатының шекарасынан шығу, “мағыналық универсум” құрастыру процесі деп түсіндіріледі. Трансценденциялау адамның тіршілік әрекетінің кез келген қырын білдіреді, бірақ діншілдікте анағұрлым нақты көрініс береді. Т. Лукман “шіркеуге бағдарланған діннің” қазіргі замандық қоғамдағы дағдарысын анықтайды және сонымен қатар шіркеуден тыс діншілдіктің сақталып, өсіп бара жатқанын бекітеді. Ол діннің

“спецификалық” және “спецификалық емес” нысандарын, “көрінетін” және “көрінбейтін” діндерді ажыратады; біріншісіне діншілдіктің шіркеулік нысандарын жатқызады, екіншісін жалпы әлеуметтік нысан деп есептейді. Дін қоғамның талап ететін объективтік үлгілеріне жалпы және жеке мағына береді. Ол “жоғары тұратын және трансценденттік мағыналық байланыстарды” бекітетін әдіс болып табылады..

Исламдық діни ілімі мен дәстүріне қатысты ұғымдар мен терминдер

Ислам философиясында өмір, өлім, және мәңгілік ұғымдары терең мағынаға ие және олар адамның рухани және дүниелік болмысының өзара байланысын сипаттайды. Бұл ұғымдар Құран мен хадистерге негізделген және мұсылмандық дүниетанымның өзегін құрайды.

Исламда өмір (хаят) – бұл Құдайдың адамға берген ең үлкен нығметі. Ол адамға Жаратушыны тану, оған құлшылық ету және өзінің миссиясын орындау үшін беріледі. Өмір – сынақ. Құранда адамның жер бетіне жіберілуінің мақсаты сынақ ретінде сипатталады: "Ол сендерді кімнің жақсырақ амал жасайтынын сынау үшін өлім мен өмірді жаратты" (*Мүлік сүресі, 2-аят*). Өмірдің сынақ екенін түсіну адамды Жаратушының еркіне бағынуға, әділдік пен ізгілікке ұмтылуға ынталандырады. Исламда өмір адамның Құдай алдындағы міндеттері мен қоғамға пайда тигізу үшін әрекет ететін кезеңі ретінде қарастырылады. Бұл міндеттерге құлшылық, адамдарға мейірімділік көрсету, және ізгі істер жасау жатады. Мұсылмандар көбінесе Шариғат заңдарымен өмір сүруге тырысады.

Исламда өлім (маут) – бұл адамның физикалық болмысының аяқталуы ғана емес, рухани өмірінің келесі кезеңіне өтуі. Ол қорқынышты емес, бірақ оны дұрыс түсіну маңызды. Өлім – табиғи заңдылық. Құранда өлім өмірдің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады:

"Әрбір жан өлімнің дәмін татады" (*Әли Имран сүресі, 185-аят*). Өлімнің сөзсіз екенін түсіну адамды жауапкершілікті сезінуге және өмірін мәнді өткізуге ынталандырады. Өлімнен кейін адам қабір әлеміне өтеді (*Барзах*). Бұл уақытша кезеңде адамның жаны оның амалдарына сәйкес тыныштық немесе қиындық көреді. Өмірде жасалған әрбір амал өлімнен кейін есепке алынады. Ислам сенімі бойынша, бұл есеп қиямет күні әділ түрде жүргізіледі.

Исламда мәңгілік өмір ұғымы ақыретпен (*Ахирет*) тығыз байланысты. Бұл өмірдің мәңгілік сипаты, ол адам өлімнен кейін басталып, қайта тірілу және есепке тартылу кезеңінен өтеді. Исламда өлімнен кейін адамдар қайта тіріледі. Бұл кезең Қиямет күні деп аталады, ол кезде барлық жандар Алланың алдына жиналып, амалдары үшін есеп береді. Мәңгілік өмірдің екі мүмкін нұсқасы бар:

Жәннат (Пейіш): Алланың разылығына ие болғандар үшін мәңгілік бақыт мекені. Құранда бұл жер "жақсылықтың қайтарымы" ретінде сипатталады.

Тозақ (Тамұқ): Аллаға қарсы шыққандар мен зұлымдық жасағандар үшін азап орны. Бұл әділетсіздіктің жазасы ретінде қарастырылады.

Мәңгілік өмірдің мақсаты: Ахирет ұғымы адамдарды бұл дүниеде ізгілікке ұмтылуға және әділ өмір сүруге бағыттайды. Мәңгілік өмір – бұл адамның жердегі амалдарының нәтижесі.

Исламда өмір, өлім және мәңгілік ұғымдарының барлығы Жаратушыға байланысты. Адамның өмірі Алланы тану мен оған жақындауға арналған жол деп түсіндіріледі.

Исламда өмір мен өлім Алланың тағдыры мен еркіне байланысты: "Алла сендерді жаратты, кейін сендерді өлтіреді" (*Нахыл сүресі, 70-аят*). Мәңгілік өмірге деген сенім иманның маңызды бөлігі. Ақыретке сену мұсылманның рухани және этикалық өмірінің негізін құрайды.

Исламда өмір – бұл сынақ, өлім – өткел, ал мәңгілік – адам баласының ақырғы мекені. Бұл ұғымдар адамға уақытша өмірдің мәнін түсініп, оны ізгі амалдармен өткізуге бағыт береді. Мәңгілік өмірге дайындық жасау мұсылманның негізгі міндеттерінің бірі болып

табылады, ал Құдайға сену, әділеттілік пен мейірімділікке ұмтылу бұл ұғымдардың негізгі өзегі саналады.

Жаңа діндарлық және жаңа діни қозғалыстарға байланысты терминдер

Қазіргі ғылымда жаңа діни ағымдарды зерттеуде объективті және әділ бағытты ұстану мақсатында «секта», «тоталитарлық секта», «культ», «деструктивтік культ» терминдерін эмоциональды ауыр және жағымсыз діни көзқарасты қалыптастырады деп қолданбауға тырысады. XX ғасырдың соңында бұл терминдерді ауыстыратын «альтернативтік діндер», «маргинальдық діни топтар» т.б. терминдер ұсынылған болатын, солардың ішінде жаңа діни ағымдар (ЖДА) терминінің кең тарауы ағылшын социологы, профессор Айлин Баркердің «Новые религиозные движения. Практическое введение» еңбегінің нәтижесі болды.

«Жаңа» сөзінің мағанасы нақтылы зерттеушіге және зерттелетін елге байланысты өзгеріп отырады. Мысалы Жапон елінде ЖДА көбінесе XIX ғасырдың соңында пайда болған топтарды атайды. Айлин Баркер «жаңа» деп Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған және нақтылы дәстүрлі мәдениеттерге қатысты қозғалыстарды айтады. Басқа терминдерге қарағанда ЖДА өзгешелігі, бұнда фактылық аспект емес, хронологиялық аспект негізгі орын алады. Жалпы алғанда «жаңа діни ағымдарға» жеке алынған қоғамда дәстүрлі деп мойындалмаған (немесе әлі мойындала қоймаған) кез келген діни топ жатады. Осыған сай ЖДА тізімі зерттеушілердің уақытша қабылдаған өлшемдері мен нақтылы қоғамның ЖДА қатынасына байланысты өзгеріп отырады.

Орыс тілінде «тоталитарлық секта» православтық сектатануда 1990 жылдары пайда болды. Бұл ұғымның авторы тарихшы, діндар А.Л. Дворкин деп есептеледі.

Соңғы кезде философия ғылымдарының докторы И. Я. Кантеров «тоталитарлық секта» ұғымының нақты белгілері мен ерекшеліктерінің ашылып көрсетілмегендігінен бұл ұйымға кез-келген жаңа діни құрылымдарды, діни-философиялық ілімдерді, мәдени-білім беретін немесе сауықтыру орталықтарын жатқызуға болады деген тұжырым айтып, бұл терминдердің заңдастырылуын ұсынды.

XX-XXI ғасырлардағы ЖДА тарихын универсальдық, синкреттік ағымдар мысалында қарастыруға болады. Олардың жалпы саны туралы нақты мәлімет алу өте қиын, себебі кейбір ұйымдар пайда болып, көп ұзамай жұмысын тоқтатады, немесе жасырын іс-әрекетке көшеді.

ЖДА - формалды түрде нашар біріккен, «дәстүрлі діннен» өзге ілімге сенетін діни топтардың барлығы анықталды. Олардың ілімдері синкреттікпен ерекшеленіп, әр діни және философиялық жүйелердің элементтерін эклектикалық түрде біріктірді, бұл ерекшелік оларды «постмодернистік» деп атауға негіз берді.

Жаңа діни ағымдар (ЖДА) немесе дәстүрден тыс діни қозғалыстар бұл дін немесе шіркеу, деноминация ретінде қоғамда орын алмаған, діни топтар. ЖДА термині академиялық және нейтральды ұғым болып есептеледі. Бұл ұғым «секта және «культ» терминдерін алмастыру үшін ғылыми қолданысқа енгізілді.

Христиандықты зерттеудің негізінде М. Вебер мен Э. Трельч діни ұйымдардың дихотомиялық типологиясын ұсынды. Бұл типологияда діндер шіркеу және секта («шіркеудің ішіндегі шіркеу») яғни шіркеудің ішінде пайда болып, кейін одан бөлініп шығады. .

XX-шы ғасырдың екінші жартысында бұл зерттеуді американдық ғалымдар Р. Нибур мен Г. Беккер жалғастырды. Р. Нибур діни ұйымның даму сатысындағы сектадан шіркеуге айналу аралық кезеңді көрсету үшін деноминация ұғымын кіргізді. Г. Беккер қазіргі жаңа діни бірлестіктердің формасын культтер деп атауды ұсынды.

«Жаңа ғасыр» діндерінде күшті ұйымдық, қатал адамгершілік талаптар және мінез-құлықтық өмірлік ережелер, рухани бағып-баулушы рөлін алған көшбасшылардың авторитаризмі басым.

«Жаңа ғасыр» діндерінің өзіндік ерекшеліктері бұл ұйымдарда көп жағдайда харизмалы лидердің, көсемнің қатаң авторитаризмі болады. Оларға ресми құндылықтар мен мақсат-мұраттарға, әрі соларды ұстанатын шіркеулік ұйымдарға қарсылық сипаты тән.

Дәстүрлі емес культтердің ортақ белгілері де, алуан түрлі ерекшеліктері де бар. Әйтсе де дінтану саласында осы культтердің барлығы діни ілімдері мен қызметіне қарай шартты түрде топтастырылған:

1. Неоориенталистік культтер.
2. Жаңахристиандық бірлестіктер
3. Сайентологиялық бағыттар
4. Жаңа сиқыршылар, спиритизм
5. «Шайтандық» топтар.

Жоғарыда берілген топтамаға ұқсас, аздаған өзгерістерімен қоса ресейлік ғалым И.Я. Кантарев жаңа діни қозғалыстардың классификациясын ұсынды: Жаңахристиандық бірлестіктер, Неоориенталистік культтер, Синкреттік және универсалдық қозғалыстар, Жаңа пұтшылдық, Шайтандық топтар.

АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ БӨЛІМ

Әдебиеттер

Негізгі:

1. Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. 2 томдық, Алматы. Қазақ университеті. 2018
- Дінтану. Оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [құраст. Н. Ж. Байтенова].- Алматы: Қазақ ун-ті, 2019.- 355
2. Дінтану сөздігі. Ежелгі діни наным-сенімдер. Ұлттық діндер. Қазақ халқының дәстүрлі діни ұстанымдары. 1 том. Алматы. Қазақ университеті. 2016.
3. Дінтану сөздігі. Әлемдік діндер. 2 том. Алматы. Қазақ университеті. 2017
4. Дінтану сөздігі. Қазіргі заманның жаңа діни ұйымдары. 3 том. Алматы. Қазақ университеті. 2017.
5. Аверченко И.В., Агаджанян А.С., Аверьянов Ю.А. Энциклопедия религий. Москва, Академический проспект. 2020. 1520. <https://e.lanbook.com/book/132976>
6. Борбасова Қ.М. Діндер тарихы. Алматы. Қазақ университеті. 2018

Қосымша:

1. Проблемы философии религии и религиоведения: Учебное пособие / А.Н. Красников, Л.М. Гаврилина, Е.С. Элбакян. – Калининград: Изд-во КГУ, 2008.
2. Альжев Д.В. История и теория религий: конспект лекций. — М.: Эксмо, 2008.
3. Классики мирового религиоведения : антология : в 2 т. М., 1996.
4. Рэдклифф-Браун А. Р. Структура и функция в примитивном обществе : Очерки и лекции. М., 2001. 304 с
5. Малиновский Б. Научная теория культуры. М., 2005. 184 с.
6. Тэрнер В. Символ и ритуал. М., 1983. 277 с.
7. Тайлор Э. Б. Первобытная культура. М., 1989. С. 467.
8. Косиченко А.Г. Религия: сущность и актуальные проблемы. Алматы 2012
9. Пивоваров Д. В. Философия религии : в 3 т. / Д. В. Пивоваров. Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2012–2013. 568 с

Ақпараттық-энциклопедиялық әдебиет:

1. Библийская энциклопедия. Свято-Троице-Сергиева Лавра, 1990.
2. Буддизм: словарь. М., 1992.
3. Ислам: словарь атеиста. Под общ.ред. М.Б.Пиотровского, С.М.Прозорова. М., 1988.

4. Католицизм: словарь атеиста. Под общ. ред. Л.Н.Величкова. М., 2001.
5. Мифы народов мира. Энциклопедия: в 2 т. Гл. ред. С.А.Токарев. М., 2008.
6. Народы и религии мира: Энциклопедия. Гл. ред. В.А.Тишков. М., 2008.
7. Православие: словарь атеиста. Под общ.ред. Н.С.Гордиенко. М., 1988.
8. Религиоведение: Энциклопедический словарь. М., 2006.
9. Христианство: Энциклопедический словарь. В 2 т. М., 2003-2004.
10. Элиаде М., Кулиано И. Словарь религий, обрядов и верований. М.–СПб., 1997.

Дінтанулык зерттеулер

1. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. М., 1995.
2. Костылев П.Н. Университетские и академические подразделения, научные центры и профессиональные ассоциации в области религиоведения в современной России // Вестник Российского Сообщества преподавателей религиоведения. Вып. 1 / Отв. За выпуск: И.Н. Яблоков; Сост. В.В. Винокуров, П.Н. Костылев. – М.: Издательство «Социально-политическая МЫСЛЬ», 2008.
3. Данилов А.В. Единство и многообразие религии. Аналитическое религиоведение и теология диалога. Минск, 2004.
4. Джемс В. Многообразие религиозного опыта. СПб., 1992.
5. Классики мирового религиоведения. Антология. Т. 1. М., 1996.
6. Леви-Брюль Л. Сверхъестественное в первобытном мышлении. М., 1994.
7. Леви-Строс К. Структурная антропология. М., 2001.
8. Дворкин А.Л. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. — 3-е изд., перераб. и доп. — Н. Новгород: Изд-во Братства во имя Св. Велик. кн. Александра Невского, 2009.
9. Малиновский Б. Магия. Наука. Религия. М., 1998.
10. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. М., 1998.
11. Мосс М. Социальные функции священного: Избр. произведения. СПб., 2000.
12. Пылаев М.А. Феноменология религии Рудольфа Отто. М., 2000.
13. Религиоведение. Хрестоматия. М., 2000.
14. Проблемы философии религии и религиоведения: Учебное пособие / А.Н. Красников, Л.М. Гаврилина, Е.С. Элбакян. – Калининград: Изд-во КГУ, 2008.
15. Альжев Д.В. История и теория религий: конспект лекций. — М.: Эксмо, 2008.
16. Вебер М. Теория ступеней и направлений религиозного неприятия мира // Избранные произведения. — М.: Прогресс, 2000.
17. Тайлор Э. Первобытная культура. М., 1989.
18. Фрейд З. Тотем и табу // Фрейд З. Я и Оно. Книга 1. Тбилиси, 1991.
19. Фрэнклер Дж. Золотая ветвь. Дополнительный том: исследование магии и религии. М., 1998.
20. Фромм Э. и др. Дзен-буддизм и психоанализ. М, 1997.
21. Элиаде М. Избранные сочинения. Очерки сравнительного религиоведения. М., 1999.
22. Элиаде М. Священное и мирское. М., 1994.
23. Юнг К.Г. Архетип и символ. М., 1991.
24. Юнг К.Г. Душа и миф: 6 архетипов. Киев, 1997.
25. Юнг К.Г. К психологии восточной медитации // О психологии восточных религий и философий. М., 1994.